

ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІС ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ – ТАБЫСҚА АПАРАР ЖОЛ

Ақтөбе политехникалық колледжі – Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 77 – ші қадамын жүзеге асыру аясында еліміздің индустриялды – инновациялық дамуына қосқан үлесі үшін еліміздің ең үздік он колледжінің қатарына енді. Оқу орнының үздіктер шоғырынан көрінуі – педагог кадрлардың біліктілігі мен материалдық-техникалық базаның мықтылығының арқасында болса, осының барлығының басы-қасында жүріп, білім беру мекемесін заман талабына сай жетілдіріп, заманауи басқару жүйесін құра білген басшы еңбегінің де жемісі.

Бүгінде Ақтөбе политехникалық колледжінде білім беру мамұнын жаңалау мақсатында бірқатар инновациялық жобалар қолға алынып, іске асып келеді. «Жылжымайтын мүлік Фонды «Самұрық Қазына» АҚ және колледж арасындағы келісім шарт негізінде дуальды оқыту жүйесінің табысты жүзеге асырылуы, дуальды оқытуға көшкен студенттер үшін қашықтан оқыту элементтерінің қолданылуы, арнайы пәндерді шет тілінде оқыту – CLIL әдістемесі және «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ – ның бастауымен «Интернет вещей», «Болашақ инженерлер» жобаларының қолға алынуы, 2016 жылы колледжде 1С «Колледж» жобасы негізінде ортақтандырылған электрондық басқару жүйесінің қосылуы осының дәлелі болса керек.

Болашақ мамандардың кәсіпкерлік қабілеттерін дамыту бағытында Ақтөбе облысы бойынша Қазақстан Республикасы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының қолдауымен колледжде «Бизнес мектебі» ашылып, 2017 жылы колледж «Евразийская группа» ЖШС-нің бастамасымен іске қосылған «Студенттік кәсіпкерліктің экосистемасы» жобасын жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының Достар Ассоциациясы Университетімен келісім-шартқа отырды.

Колледждің ұстаздар ұжымы үнемі шығармашылық ізденісте. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жыл сайынғы

ұйымдастырылатын «Үздік педагог» кәсіби байқауында Ақтөбе политехникалық колледжінің оқытушылары бес жыл қатарынан үздік атанып келеді.

«Үздік педагог – 2013» – Ж.Ходжиянзова, «Үздік педагог – 2014» – Н. Шайтова, «Үздік педагог – 2015» – А.Аймукатов, «Үздік педагог – 2016» – Г. Есенғалиева және «Үздік педагог – 2017» – Е. Утеулиев.

2010 – 2017 жылдар аралығында колледж оқытушылары ҚР БЖҒМ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ұсынуымен «Фолиант», «Трумп» баспаларынан шығарылған 40-қа жуық оқулықтар мен оқу құралдарының авторы атанды.

Технологиялардың жылдам алмасуы, оқу процесіне жаңа материалдардың енгізілуі педагог – кадрлардан біліктілікті арттыру, тәжірибе алмасу, өзін – өзі жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуді талап етеді. Осы мақсатта колледжіміздің бірқатар оқытушылары Сингапур, Австралия, Швеция, Германия, Беларусь, Ресей мемлекеттерінде болып, біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, тәжірибе алмасты.

Колледжде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану үрдісі де жоғары деңгейге қойылған. 2016-2017 оқу жылында колледж оқытушылары дайындаған 70-тен астам электрондық ресурстар «Кәсіпқор» Холдингі КЕАҚ жанындағы



республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі отырысына ұсынылды.

Ақтөбе политехникалық колледжі «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ-ның серіктес колледжі ретінде ауқымды жұмыстар жүргізіп, озық тәжірибелерімен бөлісу ісін де қолға алған. 2017 жылдың 13 қазанында «Дуальды оқыту – заманауи білім беру технологиялары негізінде кадрлар даярлаудың тиімді нысаны» тақырыбында өткен өңірлік семинар-практикумында «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ кәсіптік білім беру орталығының басшысы Г.Қарсыбекова, «Алматы Менеджмент Университетінің» (Almau) бірінші проректоры А.Канафатова, Қазақстандағы халықаралық әріптестік бойынша Германия қоғамының (GIZ) Өкілдігінің басшысы Райнер Герцц мырза, сондай-ақ Атырау қаласындағы «APC Petrotechnic» «Жоғарғы колледж» ЖШС-нің әдістемелік бөлімінің бастығы, Ақтөбе облысы білім басқармасы, «Атамекен» ҰКП өңірлік филиалы өкілдері, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының ТЖКББ оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлері қатысып, колледжде атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, тәжірибе алмасты.

С. Б. ЕСҚАЛИЕВА,
*Ақтөбе политехникалық колледжі
Ғылыми және оқу әдістемелік
кабинеті әдіскері*

АННОТАЦИЯ ○

С. Ескалиева, методист Актюбинского политехнического колледжа, делится достижениями и деятельностью колледжа. Учебному заведению, которое идет в ногу со временем, есть чем гордиться и служить примером для других.